

**Тақырыбы : Балалар
стоматологиялық
практикасында тістің қатты
тіндерінің зақымдануы**

Орындаған: Мырзамет Н

Қабылдаған:

Жоспары :

1. Тіс жегі емес тіс бұзылыстары. Этиологиясы, патогенезі;
2. Жіктелуі;
3. Гипоплазия. Түрлері;
4. Флюороз. Клиникалық көрінісі.

Уақытша және тұрақты тістердің қатты тіндерінің даму ақаулары келесі айтылатын түрлер түрінде кездеседі:

- 1.Тістердің пішінінің бұзылуы;
- 2.Тістердің түсінің өзгеруі;
- 3.Тістердің қатты тіндерінің құрылымының бұзылуы.

Бұл ақаулар тұқым қуалау арқылы генетикалық негіздің қорытындысы салдарынан және тістің ұрықтану, қалыптасу, әктену, жарып шығу және пісіп жетілу процесстерінің бұзылуының жүре қалыптасқан қорытындысы нәтижесінде пайда болуы мүмкін.

**Т.Ф. Винаградованың жіктелуі
монографияларда жазылған,
бірақ әлі практикада кеңінен
қолданылмаған. Сондықтан,
практикада қолданылады:**

**Тіс жегі емес тіс
бұзылыстарының
В.К. Патрикеева бойынша
классификациясы (1908ж.)**

Тіс жарып шыққанға дейінгі тіс бұзылыстары

- Эмаль гипоплазиясы;
- Эмаль гиперплазиясы;
- Флюороз;
- Тіс тіндерінің дамуындағы
тұқымқуалаушылық
бұзылыстары;
- Тіс тіндерінің дамуындағы
дәрі-дәрмектік және токсикалық
бұзылыстары

Тіс жарып шыққаннан кейінгі тіс бұзылыстары

- Тістердің патологиялық қажалуы;
- Тістердің сына тәрізді ақауы;
- Тістер эрозиясы;
- Тістер жарақаты;
- Қатты тін некрозы;
- Тіс тіндерінің дамуындағы дәрі-дәрмектік және токсикалық бұзылыстары.

Гипоплазия – тіс бұзылыстарының ішінде ең көп тарағаны, тістің немесе қатты тіннің дұрыс жетілмеу кезеңіне жатады. Гипоплазия пайда болуы тіс қалыптасуы кезеңінде организмде зат алмасу бұзылыстарымен, ал жүкті әйелдерде инфекциялық аурулар, токсікозға байланысты.

1929 жылы Агапов
гипоплазияның келесі жіктелуін

ұсынды:

1. Дақты;
2. Эрозивті;
3. Толқынды;
4. Аралас;

• *Гиперплазия* – тіс дамуындағы тіс
тінінің артық қалыптасуы.
«Эмаль тамшылары» бет жақтағы
тістерде эмаль цемент
шекарасында, кейде түбір
бифуркациясы аумағында
жиналады.

Кейбір «эмаль тамшылары»
дентиннен құралып, эмальмен
жабылған, көбінесе олардың
іштерінде кеңістік болады,
ұлпамен толтырылған. «Эмаль
тамшысы» бифуркационды
аймақта орналасқан.

• *Флюороз* – қатты тін дамуының жүйелік бұзылыстары, адам ағзасына фторидтердің көп түсуінен пайда болады. Флюороз профилактикасына ішетін суды дефторлау жатады. Бұл шараны тек тіс жарып шыққанға дейін қолдану мүмкін.

**Ауырлық дәрежесіне
байланысты эндемиялық
флюороздың келесі түрлері;**

- 1. Штрихті;**
- 2. Дақты;**
- 3. Бор тәрізді теңбіл;**
- 4. Эрозивті;**
- 5. Диструктивті.**

Тіс жегі емес тіс бұзылыстары бұл топ аурулары клиникалық көріністері бойынша әр түрлі. Осы топтың көптеген аурулары толық дұрыс зерттелмеген, сондықтан оларға профилактика жүргізу немесе рациональді емдеу шараларын қолдану қиын.

Профилактикалық шаралардың бастапқы кезеңі жатыр ішілік даму кезеңінде басталуы қажет, атап айтқанда 9-шы аптасынан, яғни сүт тістердің ұрықтардың құрылу кезеңіне сәйкес келуі керек.

Бұдан әрі қарай болашақ
ананың денсаулығын
күшейтуге арналған барлық
шаралар, сондай-ақ орындалуы,
қалыпты жүктілік пен босану
кезеңіне бағытталған
тапсырмалардың орындалуы.

- Рационалды тамақтану (сүт тағамдарын, балық, қатты тағамдар)

- Ауыз қуысының гигиенасы

- 1,5 жастан бастап тіс тазартуды үйрету

- Стоматология қарауында болады

Профилактикалық шаралар ішінде ең негізгісі. Жаңа туған кезеңінде баланың болашақ тістерінің жағдайына рациональды тамақтану, организмді шынықтыруға үлкен әсер етеді.

Кейіннен дұрыс тістесуді қалыптастыру керек, ол үшін гигиеналық шараларды қолдану және саусағын сору, емізікті ұзақ қолдануды болдырмау қажет.

*НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!*

